

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ДҮЙСЕНБІ ҚАЛМАТАЕВ АТЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ЖОҒАРҒЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ» ШЖҚ КМК

Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!



Орындады: Сырымбетова Булбулгуль Алимбековна



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА

ЖОЛ БЕРУ - ҰРПАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫНА

БАЛТА ШАБУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң

Қазақстан
Республикасының
Заңы 2015 жылғы
18 қарашадағы №
410-V ҚРЗ.





Жемқорлық , коррупция (лат. *corruptio* - сатып алу) — мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

Жемқорлықпен күрес

«Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде – бір мемлекеті, бірде – бір саяси жүйе, бірде – бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек»

Н.Ә. Назарбаев

Жемқорлықты жою тәсілі

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бір тәсілі, жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін кесел. Сондықтан еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі жемқорлықпен күресу болып табылады. Осы орайда атап өтерлік жайт – жемқорлық жай құқық бұзұшылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді.

Сондықтан жемқорлықты жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейте түсүіміз керек. Бұл ретте Елбасы өз Жолдауында бұл саладағы реформалардың өз жалғасын табатындығын айта келіп, осыған дейің, яғни соңғы үш жыл ішінде атқарылған ауқымды іс-шаралардың арқасында олардың құқықтық базасының жақсарғандығын, нақты функцияларының айқындалғандығын атап өткен. Демек жемқорлыққа қарсы заңнамалар уақыт сұранысына қарай жетілдіру үстінде.

Жемқорлық пен күрес

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады.

Әсіресе, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары

- Қоғамның бақытты болашағын тежейді
- Елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді
- Жұртшылықтың заң мен әділекке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ СУБЪЕКТИЛЕРІ

